

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
дінтану және мәдениеттану кафедрасының докторанты
Тунгатова Улжан Аскарбаевнаның 6D020600-Дінтану мамандығы
бойынша Философия докторы (PhD) докторы дәрежесін алу үшін
дайындаған «Қазақстандағы дінтанулық білім берудің қазіргі жағдайы
және даму перспективалары» тақырыбындағы диссертациялық
жұмысына отандық ғылыми жетекшінің

ПІКІРІ

Диссертациялық жұмыстың өзектілігі еліміздегі дін туралы ғылым мен дінтанулық білімнің ахуалы мен даму тенденцияларымен анықталады. Ұ. Тунгатованың дінтанулық білімнің дамуы мәселесін зерттеуді қолға алуы бірнеше себептермен байланысты. Біріншіден, посткеңестік кезеңде Қазақстанның діни ландшафтында елеулі өзгерістер болды. Жетпіс жыл бойы Кеңес одағы таңған атеизм мен діни қуғын-сүргіннен кейін, діни әдет-ғұрыптар мен наным-сенімдердің қайта жандануы байқалды. Діни жаңғырудың күрделі үдерісі мен оның қоғамға, мәдениетке және жеке тұлғаға әсері дінтанулық ғылымды дамыту қажеттілігін тудырды. Екіншіден, ел аумағында түрлі діни сенімдер көбеюі діни сенім бостандығы мен діни плюрализмді сақтаудың мүмкіндіктері мен қиындықтарын көрсетті. Этносаралық және конфессияаралық мәселелерде толеранттылықты насихаттаудың қажеттілігі артты. Осы орайда дінтанулық білімді жетілдіру – дін мен саясаттың ара-қатынасын, діни ұйымдардың азаматтық қоғамға әсерін, діни экстремизм немесе радикалдану әлеуетін талдауға мүмкіндік беретіні анықталды. Үшіншіден, дінтану ғылымы мен білімі мәселесін зерттеу – бірегей діни тәжірибелер туралы білім, теориялар мен көзқарастарды қалыптастыру арқылы академиялық салаға ықпал етеді. Өз кезегінде бұл дін, зайырлылық және қазақстандық қоғамның динамикасына қатысты жаһандық ғылыми пікірталастарды байыта отырып, басқа елдердің контексттерімен салыстыру мүмкіндіктерін береді.

Жалпы айтқанда, диссертациялық жұмыстың қозғап отырған тақырыбының аясында діни жаңғыруды түсіну, діни бостандық, плюрализм және толеранттылықты насихаттау, діннің қоғамдағы және саясаттағы рөлін талдау, академиялық салаға үлес қосу, мәдени мұраны сақтау және қоғамдық келісімді нығайту мәселелері тұр.

Докторанттың қолданған әдістемесі. Диссертацияда қолданылған әдістер диссертанттың зерттеу жұмысына ерекше ыждағаттылықпен көңіл бөлгенін көрсетеді. Ғылыми ізденіс барысында автор дінтанулық ғылым мен білімнің отандық және шетелдік ерекшеліктерін салыстыру әдісін қолданған. Жұмыстың теориялық негізін әлеуметтік-философиялық, тарихи-мәдени түсініктер, тұжырымдамалар, теориялар, нормативтік құжаттар, отандық және шетелдік зерттеушілер еңбектері құрайды. Сондай-ақ У.А. Тунгатова жұмысында теориялық зерттеумен қатар, сандық және сапалық әдістерді, атап

айтқанда элеуметтанулық сауалнама мен сұхбатты пайдаланған. Әдістеменің алауантүрлілігі зерттеудің маңыздылығын арттыра түскен.

Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы дін туралы ғылым мен дінтанулық білім беру мәселелерін кешенді түрде зерттеумен байланысты. Диссертант дінтанулық білімінің қалыптасуы мен бүгінгі күйін талдау арқылы осы саладағы академиялық және зерттеу орталарындағы күрделі мәселелердің мәнін ашады. Автордың дінтану аясындағы теориялық дискурстарды жіті сараптауы орта мектеп және ЖОО-дағы білім беру бағдарламаларының мазмұнын қайта қарауға қажетті негіз береді және дінтану пәнінің оқытушысын кәсіби дайындаудың маңыздылығына назар аудартады. Сонымен бірге, диссертация осы тақырыптағы зерттеулердің кемшін тұстарын толықтырып, болашақ зерттеулердің бағыттарын ұсынып, дінтану саласына қызығушылық танытқан ғалымдар қауымдастығына құнды дереккөзі бола алады.

Диссертациялық жұмыстың ҚР ҒЖБМ Білім және ғылым сапасын қамтамасыз ету комитетінің «Ғылыми дәреже беру ережелерінің» талаптарына сәйкестігі. Тунгатова Ұлжан Асқарбайқызының «Қазақстандағы дінтанулық білім берудің қазіргі жағдайы және даму перспективалары» тақырыбындағы зерттеу жұмысының нәтижелері іргелі отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне негізделген. Диссертациялық жұмыстың мазмұны мен негізгі нәтижелері 7 ғылыми мақалада көрініс тапқан. Оның ішінде 5 ғылыми мақала ҚР БҒМ білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған басылымдар тізімінде жарияланды; 1 ғылыми мақала «Scopus» халықаралық дереккөздер базасында тіркелген басылымдарда жарияланды; 3 ғылыми мақала халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары жинағында шығарылды. Орындалған жұмысты ҚР ҒЖБМ Білім және ғылым сапасын қамтамасыз ету комитетінің «Ғылыми дәреже беру ережелерінің» талаптарына жауап беретін ғылыми маңыздылығы мен практикалық құндылығы бар деп бағалауға болады.

Жоғарыда аталғандарды ескере отырып Тунгатова Ұлжан Асқарбайқызының «6D020600-Дінтану» мамандығы бойынша Философия докторы (PhD) докторы дәрежесін алу үшін дайындаған «Қазақстандағы дінтанулық білім берудің қазіргі жағдайы және даму перспективалары» тақырыбындағы диссертациялық жұмысын аяқталған жұмыс ретінде бағалап, қорғауға ұсынамын.

Ғылыми жетекшісі:
философия ғылымдарының докторы,
профессор



19.04.2023 г.